

## Қазақ хандығы - кемелді мемлекет

Бес жүз елу жыл толды хандығыма,  
Құтты болсын бұл мейрам барлығыңа.  
Елбасы да қол қойды «тойлатсын»- деп  
Жалпы жұртқа таратып жарлығына....

автор

Тарихы терең, мағынасы мазмұнды, өткеніміз-болашақтың басты дінгегі екенін барша Алаш баласы біледі. Демек, сол тарих парағының ашылып, дәлірек айтсақ, Қазақ хандығының құрылғанына міне, биыл-550 жыл толып отыр. Тарихи мерекең құтты болсын, Алаш баласы!

Қазақтың жауынгер жырауы Махамбет: «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдык, Тептер үшін тебістік. Теңдікті малға бермедік, теңдіксіз малға көнбедік», -деп төгілгендей, халқымыз азаттық пен теңдік үшін атам заманнан-ақ айқасып келеді. Бірақ, сонау XV ғасырдың өзінде Қазақ мемлекеті шаңырақ көтергені тарихтан белгілі болып отыр. (Таяуда ғана Парижден Қазақ хандығы елшілерінің Қытай императорына елшілік сапармен барғандығы туралы құжат табылғаны да көп нәрсені аңғартса керек.) Сол заманнан бері өткен тарихты қопарар болсақ, том-том кітап шығары анық. Ақ киізге көтеріп алғаш хан сайлаған Керей, кейіннен Жәнібек сынды саясаткер әрі көсем хандар Қазақ хандығының гүлденуі үшін барын салды. Ол 1465-1466 жылдары – Қазақ хандығының құрылу мезгілінен бастау алған еді. Қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған, кемелді мемлекет болды. Қазақ хандығы — қазақтардың XV және XIX ғасырлар аралығында қанат жайған, тәуелсіз ұлттық мемлекеті. Қазақ хандығы қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап, қорғап келген мемлекеттігінің нышаны. Қазақ хандығы – ұлы мемлекеттер мұрагері.

Қазақстан тарихында Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы негізгі мәселелердің қатарына жатқызылады. Мемлекеттік, ең алдымен, жер көлемі ғана емес, оған қоса саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени дәстүрлердің бүкіл кешені ретінде қарастырылды. Қазақстан аумағында мемлекеттік ежелден пайда болды және түрлі кезеңдерден өтті. Қазақ мемлекеттілігі туралы айтқанда, оның қайнар көзі өткен ғасырлардың терең қойнауында жатқандығына көз жеткізуге болады. Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдан Сақ дәуірінен басталады. Одан кейін тек мемлекеттердің аты өзгергені болмаса, аумақ тұтастығы, мұндағы мәдениет, салт-дәстүр үнемі жалғасын тауып отырған. Біздің жерімізде бірінен кейін бірі сабақтасқан отызға жуық мемлекеттік құрылым болған. Бірақ олардың аты әртүрлі. Қазақ хандары ұстаған саясаттың негізгі бағыттарының бастауы - дербес мемлекет ретінде халықаралық деңгейде араласу еді. Аса маңызды

жалпыұлттық мәселелер, соның ішінде басқа елдермен қатынас сипаты, әскери іс жылда күзде шақырылатын жалпыхалықтық Құрылтайда талқыға түсті, ал оның шешімін орындау және басшылыққа алу барлық буындағы билеушілерге міндеттелді. Құрылтайдың шешімін тек Құрылтай ғана өзгерте алатын еді. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», атты заңдық ережелер, кейін оларды ауыстырған «Жеті жарғы» қоғамдық қатынастарды реттеп отыруда жетекші міндет атқарды. Хандықтың астанасы және елдің рухани орталығы Түркістан қаласы болды. Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы кезеңі қоғамға мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Сонымен Қазақ хандығы – ежелгі сақ-үйсіндер мен Түрік қағандықтарының негізгі мұрагері. Қазақ аумағы көп ғасырлық терең тарихы - бұл үдерістің үздіксіз жүріп отырғандығының айқын дәлелі. Қазақстан территориясы сонау Сақ, Ғұн дәуірінен бері көшпенділердің Шығыстан-Батысқа, Батыстан- Шығысқа жылжыған Ұлы көштері ат арқасын суытып өтетін, қайсыбірі бір жола мекендеп қалып отырған трансэтностық аймағы болды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеудің нәтижесінде ғалымдар, тарихшылар тарапынан Қимақ және Қыпшақ хандығын қазақ тектес мемлекет деп, ал Ақ Орданы қазақтың алғашқы мемлекеті деген қорытындылар жасалды. Біз қазақтың алғашқы мемлекеті 1361 жылы Орыс хан құрған Ақ Орда деп есептейміз. Кейін Керей хан мен Жәнібек хан құрған Қазақ хандығы – осы Ақ Орданың тікелей мұрагері. Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырдағы әлеуметтік -экономикалық жағдайы жақсы болды. Қазақ хандығының басқару жүйесі жеті тармақтан тұрады. Ауылдық басқару, атаймақ, рулық басқару, арыс, ұлыс, жүз, хандық деп аталатын тармақтан құралған басқару жүйесі, қараша халықтың қамын күйттеп, сыртқы күштердің екпінінен сақтап отырған. XVI ғасырда Қазақ хандығы нығайды, қазіргі Қазақстан аумағына дейін шекарасы кеңейіп, бүкіл Еуропа мен Азияға танылды. Қазақ мемлекеті екі жарым ғасыр ішінде Орталық Азия аймағында елеулі рөл атқарды. Ол құрылу, дамып-нығаю және құлдырау кезеңдерін басынан өткерді.

Тарихи тұрғыдан ұлттық негізде қалыптасқан бұл мемлекет қазақ халқының басын біріктіріп, материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасуына әкелді. Материалдық және рухани мәдениет демекші, Қазақ хандығындағы екі мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары туралы айта кетейін. Қазақ мәдениеті жөнінде мәселе қозғағанда, біз мынаны естен шығармауымыз керек. Рас, қазақ мәдениеті өзінің негізгі тіні, өзегі, тұрпаты жағынан көшпелі мәдениеттің үлгісінде жасалған өркениет. Қазақ мәдениетінде отырықшы өркениеттің үлгілері аз болған жоқ. Ұлттық материалдық мәдениетте оның дәстүрлі ерекшеліктері анық көрініс тапты. Қазақтың дәстүрлі киімдері мен әсемдік заттары, баспаналары, ұлттық тағамдары, ыдыс- аяқтар, қару- жарақтарының барлығы ою- өрнекпен ерекшеленіп көрініс тапты. Ал халықтың рухани мәдениетінде барлық тәлім-

тәрбие, салт- дәстүр, аңсаған арманы көрініс тапқан. Дәл осының барлығы ертедегі би- шешендер, жыраулар бүгінде рухани өзектіліктің өрнегі десекте болады. Үлкенді сыйлау, құрметтеу қалыптасқан дәстүрдің өзектілігі еді. Келіннің өзге үйге келгеннен басталатын түрлі тыйымдары әрине ізеттіліктің өшпейтін үлгісі деуге болады. Жас келіндер сәукеле, кейін желек, отызқырық жастағы әйелдер кимешек киді. Әр киім мен қыздардың әшекей бұйымдары тек сәндік үшін емес, сондай-ақ тәрбиелік мәнімен астарлас жатқан деп айтсақ артық болмас, сірә?! Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» - дейді қазақ. Қыз баласының жүріп-тұруы, сөйлеп-амандасуына дейін жіті қараған. Мәселен, қыз баласының шолпы-сырғасына мән берейік. Жүрген кезде сырғасы мен шолпысының дыбысың, сонымен қатар аяқ басуы да өзгелердің көз алдында болған. Міне, осыдан-ақ қазақ халқының тектілігінің көрнісін көруімізге болады. Ал жауырыны қақпақтай, намысы қыздың арымен өлшенген қазақ ерлері намысының биіктігімен, ел мен жерге қорған әрі қалқан болғандығымен ерекшеленді. Жерді қорғап, ел берекесін яғни Қазақ хандығының құрған шаңырағын биік, керегесін берік ұстау олардың басты міндеті еді. Әр жерден көз алартқан адуынды әрі діңгегін бұрыннан қалап алған, әскері мықты көп елдер жеріміздің шұрайлылығына, шырайлылығына қызығып тап беруге дайын тұрды. Тарихымызда жүректі ауыртып, жанға бататын, ешқашанда ұмытылмас тағдырлар болды, қатыгез замандар болды... Оларды тарих туралы сөз қозғағанда ұмытып, не болмаса айтпай кету бабалар аманатына қиянат және «кешірілмес күнә»- деп білемін. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Екпін-екпін, жиі-жиі көтеріліп халықты титықтатқан түрлі бағыттағы көтерілістер», «Хандық үшін және жер үшін талас», «Ішерге ас тапқызбаған, саясатпен келген аштық жылдары», «Бірінші дүниежүзілік соғыс», «Алаштың ардақтыларын жалмаған-жала», «Екінші дүниежүзілік соғыс», «Кешегі күннің күркірі -Семей полигоны және оның қасіреті», «Ереуілге шыққан желтоқсан жастары». Міне, әр тақырыптың тарихта өзіндік орны мен қасіреті мол -қайғылы тарихи оқиғалар. Бұл оқиғаларды әр Алаш баласы, Қазақ елінде тұратын тұрғындар білуі шарт, міндетті. Халық бәрін көрді, бәріне шыдады. Ең соңғы хан Кенесары көшімен кеткен еркіндік жетпіс жыл КСРО құрамында, орыс билігінде болуды бұйырды. Ал ереуілге шыққан желтоқсан жастары қатал тағдырдың құрбандарының соңы болды. Дәл содан кейін Тәуелсіздік таңы атты. Еліміз етек-жеңін жинап, өз алдына ел болып, бодандықтан босады. Тәуелсіздік Қазақстанға қазақ халқының екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы үзбей жүргізген күресі арқылы келді. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуына оның аумағында тұратын өзге ұлт өкілдері де - орыстар, украиндар, немістер, өзбектер, ұйғырлар үлкен үлес қосты. Өздері азаматы болып табылатын мемлекетті, суын ішіп, жерін жайлап отырған, кезінде пана болған, құшақ жайып қарсы алып, төріне шығарған қазақ халқын сыйлай білетін олардың басым көпшілігі туған республикасының тәуелсіздігін шын

жүрегімен қалады. Осы оқиғаның болуына жәрдемдесті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алу қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға болды. Ал қазіргі таңда «Бірлігіміз жарасқан» - бірлік пен татулықтың мекені көп ұлтты Қазақстан еліміз. Біз – ынтымағы жарасқан елміз. Қиын-қыстау кезеңде тағдырлары табыстырған халқымыз бір шаңырақтың астында сүттей ұйып отыр.

Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың Отаны. Тәуелсіздікпен бірге діліміз бен дініміз, рухымыз, дәстүріміз бен мәдениетіміз оралды. Төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың мұраты «Мәңгілік ел» қайта жалғанды.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа енуі бұған дейін тоталитарлық әкімшілдік жүргізіп келген қазақ халқын ассимиляциялау, қазақ жерін Ресей империясының бөлігіне айналдыру саясатының күлін көкке ұшырды. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кету қаупінен құтылды. Ұлттық тіл, мәдениет, дәстүр, мораль қайта жанданып, өзінің табиғи жолына қайта түсті. Ұлттық зиялы қауымның қалыптасуына және дамуына жағдай жасалды. Большевиктер билеген жылдары еріксіз шетелге ауып кеткен Қазақстан азаматтарының тарихи отанына қайта оралуына жол ашылды. Қазақ ұлы қайта түледі. Әлем халықтарымен терезесі тең, іргелі ел болу құқығына ие болды. Егемендік жағдайындағы саяси даму ерекше қарқынмен дамыды және маңызы зор болды

Дүниежүзі мемлекеттермен экономикалық байланыстарын арттырды. Тәуелсіз Қазақстан демократиялық даму жолын қалаған, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет болып құрылды. Республика тұрғындары азаматтық еркіндік пен әлеуметтік теңдікті сезіне бастады. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуына жол ашылды. Бұқаралық ақпарат идеологиялық бақылаудан құтылды. Пікірдің алуан түрлілігіне жол берілді. Тарихтағы ақтаңдақтардың сыры ашылды. Жазықсыз жазаланғандар ақталды. Ұлтаралық қатынастардың нағыз келбеті ашылды. Әр саланың ақсақ тұстары түзеліп, қисық жері тураланып жөнге келтірілді

«Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – Тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар. Ылайым, бетімізден жарылқасын!» -деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай ата –бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған арманы Тәуелсіздікке де қол жеткіздік. «Тәуелсіздік –қасиет тұнған ұлы ұғым».

Ел тағдырын тізгінге алып, дәл осындай жетістікке жеткізген елбасымыз -Н.Ә.Назарбаев. Саясаткер, елі үшін дүниеге келген көсем басшысы ел көшін бастады. Міне, осы кезден бастап, Қазақ елінің тағдыры

өзгеріп, бағы ашылды. Арман етіп аңсаған, соны іздеп шаршаған бабалар арманы орындалды. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында Қазақ елі бабалар аңсаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда өмір сүріп жатыр. Тәуелсіздік жолындағы әр қадам болашақтың іргетасы екенін Елбасы білді. Бүгінде Елбасының сындарлы саясаткер әрі көреген көсем басшы екенін дүниежүзінің алпауыт мемлекеттері де мойындап отыр. «Мәңгілік ел», «Нұрлы жол» сынды жолдауы, түрлі бағдарламасы- болашаққа бастар жол. Өзінің халқының қамын күйттейтін Елбасы халқы үшін қастерлі азамат. Ұлттық құндылықтарды бойына жинаған, қарапайымдылық пен еңбекқорлықтың үлгісі болған Елбасы бүгінде байтақ еліміздің елеулі азаматы. Міне, сол елінің елеулі, халқының қалаулы азаматының сындарлы саясатының арқасында бүгінгідей айтулы мерекені және оның тарихын, сондай-ақ өткенді талқылап жатырмыз. Бұл да бір біздің жеткен жетістігіміз десекте болады. Мәселен, біздің мектебімізде жыл басынан бері Қазақ хандығының 550-жылдығына орай көптеген іс-шаралар өткізілуде. Солардың бір қатарына тоқталар болсам, «Қазақ хандығының сұлтандары» шығармашылық байқауы, «Қазақ хандығының мемлекеттік -әкімшілік құрылымы» тақырыбында ашық сабақ, «Қазақ хандығы» тақырыбында рефераттар сайысы, «Көппен көрер ұлы той» конференция, ақпараттық қабырға газеті, мектепшілік безендірулер, кітапханалық көрмелер, дөңгелек үстелдер т.б. түрлі іс-шаралармен хандықтың 550-жылдығын тойлауды бастап кеттік десекте болады.

Тәуелсіз әрі егемен мемлекетте осындай мерекені тойлатудың өзі де бір бақыт. Бақытың баянды, тұғырың биік, керегең кең, терезең өзгелермен әрдайым тең болсын! Хандығымның 550-жылдығымен қатар келген Ассамблеяның -20жылы, Ұлы Жеңістің 70 жылы, Конституциямыздың -20 жылдығы құтты болсын.

Сөзімді қорыта келе “Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!” –деген елбасының сөзімен аяқтағым келеді.